

**«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»
2025 ж. «30» қазандағы № 26/25
Отырыс хаттамасы**

«АВТОДИЛЕР» АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНА
№ 4 ҚОСЫМША
«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

Алматы қ., 2025 ж.

Сақтандыру класы:	Автокөлікті ерікті сақтандыру.
Сақтанушы:	Меншік құқығы, жалға алу шарты бойынша (жеке пайдалану немесе қызметтік мақсатта), соның ішінде несиеге сатып алынған сақтандырылған көлік құралының (бұдан әрі – КҚ) иесі (меншік иесі) болып табылатын жеке немесе заңды тұлға.
Пайда алушы:	<p>1. Ішінара зақымданған кезде полисті ресімдеу сәтінде Сақтанушының таңдауы бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Амортизациялық тозуды есепке алмастан арнайы ТҚКС (Арнайы ТҚКС**); ✓ Сақтандырушының ұсынысы бойынша кез келген негізде КҚ-ны Арнайы ТҚКС-да жөндеу мүмкіндігі болмаған жағдайда немесе Сақтанушының өтініші бойынша амортизациялық тозуды есепке алмайтын ТҚКС; ✓ КҚ-ны ТҚКС-да жөндеу мүмкіндігі болмаған жағдайда немесе Сақтанушының өтініші бойынша амортизациялық тозуды есепке ала отырып Сақтанушы; <p>2. Толық қираған, айдап әкетілген және ұрланған кезде — КҚ меншік иесі.</p> <p>Егер КҚ несиеге сатып алынған болса:</p> <p>1) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасы шегінде КҚ кепілге қойып, несие берген ұйым;</p> <p>2) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасынан асатын бөлікте Сақтанушы.</p>
Сақтандырылған тұлғалар:	Кез келген заңды негізде көлік құралын (бұдан әрі – КҚ) басқаруға рұқсат берілген және көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (КҚИ АҚЖМС) полисінде көрсетілген тұлғалар.
Сақтандыру шектеулері:	<p>Келесі КҚ сақтандырылады:</p> <p>1) Жүрілмеген жаңа КҚ,</p> <p>2) 20 жылдан аз уақыт қолданыста болған КҚ.</p> <p>Келесі санаттардағы КҚ сақтандырылмайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жедел медициналық жәрдем машиналары; ✓ Әскери және/немесе құқық қорғау органдарының пайдалануы үшін арнайы бейімделген немесе арнайы тағайындалған КҚ; ✓ Әуежайдың жабық (жалпыға қолжетімсіз) аумағы шегінде пайдаланылатын КҚ; ✓ Спорттық жарыстарға қатысатын, оқу-жаттығу мен тест-драйв мақсаттарына қолданылатын КҚ; ✓ Жалға берілетін, такси режимінде жұмыс істейтін КҚ. <p>Сақтандыру бағдарламасы мыналарды өтемейді:</p> <p>1) Полис бойынша сақтандырылған кез келген КҚ-мен кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға байланысты тасымалданатын тауарлар (соның ішінде жолдағы тауарлар) үшін жауапкершілік немесе олардың залалы;</p> <p>2) Келесі мақсатқа арналған кез келген КҚ-ны иелену, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ нитроглицерин, динамит сияқты жарылу қаупі бар заттарды немесе кез келген басқа ұқсас заттарды тасымалдау. Егер заттардың өздері жарылу қаупін тудырмаса, бірақ жарылу қаупі бар заттардың құрамдас бөлігі болса, олар осы Полиске сәйкес тізімнен шығарылмайды; ✓ КҚ-ны жалға беру және/немесе такси режимінде жұмыс істейтін КҚ <p>3) Сақтандыру мыналарды өтемейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ үшінші тұлғаларға келтірілген залал; ✓ КҚ механизмдерінің сақтандыру жағдайынан тыс сынуы.
Сақтандыру объектісі:	Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның КҚ-ны иеленуге, пайдалануға және/немесе оған билік етуге, сондай-ақ сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайының нәтижесінде оның зақымдалу немесе жоғалу (қирау) қаупіне байланысты мүлтік мүдделері.
Сақтандыру жағдайы:	<p>Сақтандыру полисіне сәйкес мына оқиғалардың нәтижесінде КҚ-ның зақымдалуы немесе жоғалуы (қирауы) сақтандыру жағдайлары деп танылады:</p> <p>1) Жол-көлік оқиғасы (ЖКО) – сақтандырылған көлік құралының жолмен жүруі кезінде пайда болған және адамдардың қаза болуына немесе жаралануына, көлік құралының, құрылыстың, жүктердің бүлінуіне не өзге де материалдық залал келтіруге әкеп соққан оқиға. ЖКО-ға мыналар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ соқтығысу – жылжып келе жатқан көлік құралдары бір-бірімен соқтығысқан оқиға және/немесе кенет тоқтаған (бағдаршам алдында, жол кептелісінде немесе техникалық ақау салдарынан) көлік құралымен соқтығысу және жылжымалы теміржол құрамының жолда тоқтаған (қалдырылған) көлік құралымен соқтығысуы. ✓ бір орында тұрған көлік құралын қағу – жылжып келе жатқан көлік құралы бір орында тұрған көлік құралын, сонымен қатар тіркемені немесе жартылай тіркемені қаққан оқиға. ✓ кедергіні қағу – көлік құралы жылжымайтын затты (көпір тіреуішін, бағанды, ағашты, қоршауды және т.б.) қаққан немесе онымен соқтығысқан оқиға. ✓ жаяу жүргіншіні қағу – көлік құралы адамды қаққан немесе оның өзі жылжып келе жатқан көлік құралына соғылған оқиға, соның ішінде көлік құралы тасымалдайтын жүктен немесе заттан (тақтай, контейнер, арқан және т.б.) жаяу жүргінші зардап шеккен оқиғалар. ✓ велошабандозды қағу – көлік құралы велошабандозды қаққан немесе оның өзі жылжып келе жатқан көлік құралына соғылған оқиға. ✓ көлік-арбаны қағу – көлік құралы жегілген жануарларды, сонымен қатар осы жануарлар тасымалдайтын арбаларды қаққан не болмаса осы жегілген жануарлар не олар

	<p>тасымалдайтын арбалар жылжып келе жатқан көлік құралына соғылған оқиға. Бұл түрге жануарды қағу да жатады.</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ төңкерілу – жылжып келе жатқан көлік құралы жолмен келе жатып төңкерілген оқиға. <p>2) табиғи апаттар, атап айтқанда: ауа райы жағдайларына байланысты ауа массаларының қозғалысы, жел күші Бофорт шкаласы бойынша 8 балдан асқанда, яғни желдің жылдамдығы 62 км/сағ-тан жоғары болғанда (дауыл, құйын, торнадо, құйын және т.б., т.с.с.), бұршақ, су тасқыны, сел жүруі, жер көшкіні, тау жыныстарының құлауы, тасқын су, жерасты суларының бетке шығуы;</p> <p>3) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері – өртеу, көлік құралын зақымдау, бұзақылық, вандализм, соның ішінде оңай алынатын бөлшектерді ұрлау нәтижесінде автокөліктің зақымдалуы, жымқырудың келесі түрлері кірмейді: ұсақ жымқыру, біреудің сеніп тапсырылған мүлкін иемдену немесе ысырап ету, алаяқтық, қарақшылық, тонау;</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ өрт – от тұтатуға және жағуға арналған арнайы орындардан тыс жерде от шығуы немесе олардың шегінен тыс таралуы және өздігінен таралу қабілеті; ✓ жарылыс – қысқа уақыт аралығында аз көлемдегі энергияның елеулі түрде бөлінуімен өтетін және жарылыс өнімдерінің жоғары жылдамдықты кеңеюі салдарынан қоршаған ортаға тигізілетін соққы, діріл және жылу әсерлеріне әкелетін, тез өтетін физикалық немесе физикалық-химиялық процесс; ✓ найзағай түсуі – сақтандырылған автокөлікке найзағайдың тікелей түсуі; ✓ өздігінен жану – оттың сыртқы көзі, соқтығысу, төңкерілу болмаған кезде автокөлік жүйесінің немесе көлік құралы ішіндегісінің істен шығуы нәтижесінде болған жану; ✓ сыртқы механикалық немесе физикалық әсерлер – келесі оқиғалар нәтижесінде КҚ-ға сыртқы факторлардың әсер етуі: кәріз, су құбыры, жылыту желілерінің және (немесе) жүйелерінің авариясы; жол жабынының опырылуы; сақтандырылған КҚ-ға әртүрлі заттардың (мұз қиыршықтарының, тастардың, ағаштардың және олардың бөліктерінің, ғимараттар мен құрылыстардың бөліктерінің және т.б.) өздігінен (адамның қатысуынсыз) құлауы; сақтандырылған КҚ-ға жол қозғалысының басқа қатысушыларының дөңгелегі астынан ұшқан заттардың тиюі; сақтандырылған КҚ-ның капот астындағы кеңістігіне жануарлардың кіріп кетуі; ✓ заттардың құлауы – сақтандырылған КҚ-ға қандай да бір заттың (қар, мұз және т.б.) құлауы; ✓ басқа да күтпеген оқиғалар – жолға іргелес аумақта (жолға тікелей іргелес жатқан және көлік құралдарының тура жүруіне арналмаған аумақ, соның ішінде аулалар, тұрғын алқаптар, автотұрақтар, автокөліктерге жанармай құю станциялары, кәсіпорындар) орын алған оқиға, атап айтқанда: басқа көлік құралымен соқтығысу, қозғалмайтын немесе қозғалыстағы заттарды (құрылыстар, бөгеттер, жануарлар және т.б.) басып кету (қағу), автокөліктің төңкерілуі, құлауы, мұз астына құлап түсу, топырақтың шөгуге салдарынан жол жабыны астына құлап түсу;
Сақтандыру сомасы:	Сақтандыру сомасы (КҚ-ның нақты/нарықтық құны) сақтандыру полисінде белгіленеді және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.
Сақтандыру тарифі:	Сақтандыру тарифі – Сақтандырушының уәкілетті органының шешімімен класс бойынша тариф шегінде бекітіледі (0,104 % – 16,8939 %).
Сақтандыру сыйлықақысы:	Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру полисінде белгіленеді және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.
Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері:	Банктік шотқа немесе Сақтандырушының кассасына біржолғы қолма-қол ақшамен/қолма-қол ақшасыз төлем.
Франшиза:	Сақтандырушының уәкілетті органының шешімімен мына мөлшерде (сақтандыру сомасының 0 % – 10 %-ы) бекітіледі.
Сақтандыру агенті/брокері туралы ақпарат:	Бағдарламада сақтандыру полистерін «BASEL» СК» АҚ серіктестері арқылы ресімдеу көзделген.
Гросс %-бен көрсетілген агент сыйақысының мөлшері:	Сақтандырушының уәкілетті органының шешімімен бекітіледі.
Сақтандыру аумағы:	Қазақстан Республикасы.
Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі:	Сақтандыру полисі сақтандыру сыйлықақысы төленген сәттен бастап күшіне енеді және № 1 қосымшада көрсетілген таңдалған сақтандыру нұсқасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде не сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәтке дейін — қайсысы ерте келетініне байланысты қолданылады.
Айрықша талаптар:	Осы Бағдарламамен № 1 қосымшаға сәйкес сақтандыру нұсқалары қарастырылды. Айрықша шарттар таңдалған сақтандыру нұсқасына сәйкес анықталады.
Сақтандыру полисін жасасу нысаны:	Сақтандыру полисі қағаз түрінде немесе электрондық түрде беріледі.
Сақтандыру төлемін төлеу мәселесін қаратуға қажетті құжаттар:	<p>1. Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру жағдайының түріне қарай Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті және мына құжаттарды ұсынуға міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Полис туралы мәліметті көрсете отырып, сақтандыру жағдайының (оқиғаның) басталуы туралы өтініш; ✓ КҚ-ны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; ✓ жүргізуші куәлігінің көшірмесі, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының көшірмесі, оқиға орын алған сәтте КҚ-ны басқарған тұлғаның жеке куәлігінің мәліметтері; ✓ заңды тұлға үшін КҚ-ны заңды негізде басқаруын растайтын құжаттың көшірмесі;

- ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайы туындаған кездегі шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар (болған жағдайда);
- ✓ залалдың мөлшерін растау үшін таңдалған шарттарға байланысты:
 - жауапты тұлғаның қолымен және кәсіпорын мөрімен куәландырылған қажетті жұмыстардың толық тізімін, ауыстырылатын/жөнделетін бөлшектердің, бөліктердің тізімін және олардың құнын қамтитын сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымданған КҚ-ны қалпына келтіру бойынша ТҚКС/Арнайы ТҚКС ұсынған КҚ зақымдануы туралы фотоесеп, ақау актісі және/немесе төлемге арналған егжей-тегжейлі шот. «Толық қирау» тәуекелі бойынша жарамды қалдықтарды және олардың құнын анықтайтын келтірілген зиянды бағалау туралы есепті ұсыну;
 - Сақтандырушы ұсынған бағалаушы жүргізген келтірілген зиянды бағалау туралы есеп;
- ✓ Полистің қолданылу мерзімі аралығында, сонымен қатар бірінші сақтандыру жағдайы бойынша қалпына келтіру жұмыстарының сомасы Полисті рәсімдеген кезде бекітілген сақтандыру сомасының 50 %-ынан жоғары болғанда Арнайы ТҚКС-да КҚ-ны жөндеу 2 (екі) реттен көп жүргізілмейді.
- ✓ Полис қолданылу мерзімі ішінде КҚ-ны Арнайы ТҚКС-та жөндеу 2 (екі) рет жүргізілген жағдайда, сондай-ақ бірінші сақтандыру жағдайы бойынша қалпына келтіру жұмыстарының сомасы Полис рәсімделген сәттегі сақтандыру сомасының 50 %-ынан асқан болса, КҚ-ны әрі қарай жөндеу Сақтандырушы ұсынған ТҚКС-та жүзеге асырылады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері ТҚКС шоты негізінде анықталады.
- ✓ сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттар (сенімхат, мұрагерлік құқығы туралы куәлік және т.б.);
- ✓ Сақтандырушыға жүзеге асырылған сақтандыру төлемі сомасының шегінде Сақтанушының зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға қоятын кері талап қою құқығының ауысуын қамтамасыз ететін құжаттар (сақтандыру жағдайының орын алуына кінәлі тұлғаның жеке куәлігінің мәліметтері, талап қою құқығын беру туралы өтініш, жауап алу хаттамасы, түсініктемелер және т.б.);
- Сақтандыру жағдайының түріне байланысты:
 - ✓ ЖКО жағдайында: ішкі істер органдарының құжаттары: жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттама, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, ЖКО сызбасы, жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттамаға толықтыру, ЖКО қатысушыларының ішкі істер органдарына берген түсініктемелері, ЖКО қатысушыларын медициналық куәландыру хаттамалары/қорытындылары; заңды күшіне енген сот қаулысы; ЖКО фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған және материалдар сотқа берілген болса, іс бойынша шешім болып табылатын заңды күшіне енген сот үкімі немесе сот шығарған өзге де іс жүргізу құжаты. Бұл құжаттар «ЖКО» тәуекелі бойынша жол полициясы органдарының құжаттарынсыз» сақтандыру шарты таңдалған жағдайда ұсынылмайды;
 - ✓ табиғи апаттар жағдайында: өртке қарсы бақылау органдарының немесе тергеу органдарының құжаттары (соның ішінде өрт туралы акт, өрттің себептері туралы өрт-техникалық сараптамасының қорытындысы және т.б.); гидрометеорологиялық немесе сейсмологиялық қызметтердің, Төтенше жағдайлар министрлігінің немесе құзыретіне осы жағдайларды тіркеу/тергеу міндеті кіретін басқа да құзыретті органдардың құжаттары;
 - ✓ КҚ-ны айдап әкету мен ұрлауды қоса алғанда, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жағдайында: оқиға фактісі бойынша ішкі істер органдарына берілген арыз, ішкі істер органдарының қылмыстық істі қозғау немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысы, қылмыстық істің процестік жылжуы туралы қаулылар, алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін – қылмыстық істі тоқтата тұру туралы шешім немесе айыптау қорытындысы (үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген залал болса), соттың шешімі (үкімі). Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан КҚ-ның айдап әкетілген немесе ұрланғандар тізімінде тұрғаны туралы ішкі істер органдарынан анықтама беруін талап етуге құқылы; КҚ-ны тіркеу туралы барлық құжаттың түпнұсқалары, КҚ-ны тіркеу туралы куәлік немесе КҚ-ны айдап әкету, ұрлау туралы арыз берілген кезде оны алып қою немесе оның жоқ екені туралы қаулының (уәкілетті органның мөрімен куәландырылған), КҚ пернелері және сигнал беру жүйесі кілттерінің барлық жинағын беруін талап етуге құқылы;
 - ✓ өзге де күтпеген оқиғалар кезінде – өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің көшірмелері, өрт-техникалық сараптама қорытындылары; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар;
- 2. Оқиғаның орын алу фактісі мен мән-жайларын, оқиғаның орын алуы нәтижесінде келтірілген залалды растайтын құжаттарды жинау және ұсыну ауыртпалығы Сақтанушыға жүктеледі. Келтірілген зиянға жауапты тұлғаға талаптар құқығын іске асыру үшін қажетті, Сақтандырушының нұсқауы бойынша тәуелсіз бағалаушы толтыратын бағалау туралы есепті жасау шығындарын Сақтандырушы көтереді.
- 3. Құзыретті органдардың құжаттары түпнұсқа немесе осы құжатты берген құзыретті органның жауапты тұлғасының мөрімен және қолымен куәландырылған көшірмелер түрінде ұсынылуы тиіс.
- 4. Мәлімделген сақтандыру жағдайы бойынша құжаттарды қабылдауды Сақтандырушы Сақтанушыға қабылданған құжаттар туралы анықтама беру арқылы жүзеге асырады.
- 5. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаны қарастыру және ол бойынша шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізімі мен саны Сақтандырушының қалауы бойынша қысқартылуы мүмкін.

Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен талаптары:

1. Сақтандырушы таңдалған сақтандыру нұсқасының талаптарын ескере отырып, Полисте көзделген құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

2. Сақтандыру полисінде көрсетілген құжаттарды түзету қажеттілігі анықталған жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттарды қарау мерзімі оларды түзету мерзіміне тоқтатылады, ол туралы Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға құжаттарды түзету қажеттілігі анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді. Сақтандырушыға түзетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап көрсетілген мерзім қайта жаңартылады.
3. Сақтандыру төлеміне КҚ шанағының тек сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған және Сақтандырушының өкілімен (Сақтандырушының қызметкерімен және/немесе Арнайы ТҚКС-мен) тіркелген зақымдалған бөлшектері мен бөліктерін жөндеу және (немесе) ауыстыру үшін өтемақы қосылады. Егер зақымданулар мен зақымдалған бөлшектерді, сондай-ақ КҚ-ның жасырын ақауларын Сақтандырушы тіркемеген болса, Сақтанушы Сақтандырушының қатысуымен КҚ-ны қайта қарап-тексеруді ұйымдастыруға міндетті.
4. *Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушы Пайда алушыға мына жағдайларда өтеуге құқылы:*
 - ✓ КҚ айдап әкетілген (ұрланған) кезде Сақтандыру полисі мен Қағидаларының талаптарын ескере отырып, Полисте көрсетілген франшизаны шегергендегі сақтандыру сомасын;
 - ✓ КҚ толық жойылған жағдайда Тараптардың (Сақтандырушы мен Сақтанушының) келісімі бойынша:
 - сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегергендегі сақтандыру сомасы, сондай-ақ сақтандыру полисінің шарттарын және Сақтандыру қағидаларын ескере отырып, Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз бағалаушы анықтайтын сатылуға жарамды қосалқы бөлшектер мен КҚ кәдеге жаратылатын қалдықтарының құны;
 - сақтандыру полисінің талаптарын және Сақтандыру қағидаларын ескере отырып, сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегергендегі сақтандыру сомасы, Сақтанушы Сақтандырушыға сатуға жарамды қосалқы бөлшектер мен кәдеге жарату қалдықтарын берген жағдайда. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі болмауы және/немесе зақымдануы сақтандыру жағдайына қатысы болмайтын, болмаған (ауыстырылған) бөлшектер мен агрегаттардың құнын шегере отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында КҚ қабылдау-тапсыру актісі жасалғаннан кейін жүргізіледі. КҚ-ны Сақтандырушыға беру үшін оны жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда және кеденде тіркеу есебінен шығару қажет.
 - ✓ Сақтандыру полисінің талаптарын және Сақтандыру қағидаларын ескере отырып, КҚ-ға ішінара зиян келтірілген жағдайда, Арнайы ТҚКС ақау актісінің және/немесе төлеуге арналған егжей-тегжейлі шотының негізінде айқындалатын КҚ қалпына келтіру құны.
5. Мұндай шығындар қажет болған немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, Сақтанушының КҚ-сын сақтау, сақтандыру жағдайының басталуынан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында көтерген шығындары.
6. КҚ-ның толық істен шығуы (конструктивті істен шығуы) Сақтандырушы ұсынған бағалаушы немесе Сақтандырушы Арнайы ТҚКС шотын көрсеткен кезде жөндеудің орынсыздығы анықталса немесе залал сомасы Полис жасалған күні белгіленген КҚ нақты құнының 80 %-ына тең немесе одан асатын болса, КҚ жойылған кезде белгіленеді.
7. Егер сақтандыру сомасы Полис жасалған күндегі КҚ нақты құнынан аз болса, онда сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының Полис жасалған күндегі КҚ нақты құнына қатысты пропорционалды түрде жүргізіледі. Егер сақтандыру сомасы Полис жасалған күндегі КҚ нақты құнынан асып кетсе, сақтандыру Полис жасалған күндегі КҚ нақты құнынан асатын бөлігінде жарамсыз болады. Сақтандыру сомасының КҚ нақты құнына сәйкес келмеу фактісін Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде айқындауы мүмкін.
8. Кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін Полис мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.
9. Сақтандыру кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы жиынтық түрде Полисте көрсетілген сақтандыру сомасының шегіне жеткен жағдайда, Полистің қолданылуы тоқтатылады.
10. Ақау актісінде және/немесе ТҚКС-ның төлеуге арналған егжей-тегжейлі шотында Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға алдын ала анықтаған залал 500 000 (бес жүз мың) теңгеден астам сомаға тең немесе одан асатын болса, ал Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға жол полициясы органдарынан құжаттарды ұсынбаса, Сақтандырушы 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте залал мөлшерін қате алдын ала бағалау ауыртпалығы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі. Бұл шарт сақтандыру нұсқасында зиян сомасы 500 000 (бес жүз мың) теңгеге дейін жол полициясы органдарының құжаттарынсыз сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделген болса және өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген тұлғалар болмаған жағдайда ғана қолданылады». Осы шартты пайдалану саны таңдалған сақтандыру нұсқасына сәйкес анықталады.
11. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдарды Сақтанушыға сақтандыру жағдайына кінәлі болған үшінші тұлғалар немесе сақтандыру шартын жасасқан басқа сақтандырушылар өтеген жағдайларда Сақтандырушы тек сақтандыру төлемінің сомасы мен Сақтанушының үшінші тұлғалардан алған өтемақы сомасы арасындағы айырманы өтейді. Бұл ретте Сақтандырушы үшінші тұлғалар өтеген (орнын толтырған) залалдардың сол бөлігіндегі сақтандыру төлемінің артық төленген сомасын Сақтанушыдан қайтаруды талап етуге құқылы.
12. Айдап әкетілген/жымқырылған КҚ үшін сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ИИМ органдарының алдын ала тергеу жұмыстары аяқталғаннан кейін айдап әкету/жымқыру фактісінен кейін 2 (екі) айдан ерте емес кезеңде жүргізіледі. Сақтандырушы айдап әкету бойынша сақтандыру төлемін жасағаннан кейін айдап әкетілген КҚ табылған жағдайда Сақтанушы алынған сақтандыру төлемін 30 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға қайтаруға міндетті. Сақтанушы КҚ-дан бас тартқан жағдайда ол оны Сақтандырушыға беруге міндетті, сондай-ақ оған құжатпен расталған меншік құқығын да береді.

	<p>13. Сақтандыру төлемі, егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайын қарау кезінде Полистің қолданылу мерзімі ішінде мыналар анықталса, осы бөлімнің 14-тармағында көзделген шарттарда жүзеге асырылады:</p> <p>13.1. КҚ-ны Сақтанушы/Сақтандырылушы такси/каршеринг ретінде пайдаланса және/немесе такси агрегаторлары пайдаланған болса;</p> <p>13.2. КҚ-ны Сақтанушы/Сақтандырылушы іс-шаралардың кез келген түріне (спорттық жарыстарға, жүргізуге үйретуге, жаттығу жарыстарына, сынақтарға немесе байқау мақсатында айдап көруге, экстремалды жүргізу іс-шараларына) қатысу үшін пайдаланған болса;</p> <p>13.3. Сақтанушы/Сақтандырылушылар веб-сайт және/немесе мобильді қолданба арқылы тапсырыс табуға немесе жолаушы табуға мүмкіндік беретін сервистерде тіркелген болса;</p> <p>13.4. Өтініш-сауалнамада (Полисте) көрсетілген КҚ веб-сайт және/немесе мобильді қолданба арқылы тапсырыс табуға немесе жолаушы табуға мүмкіндік беретін сервистерде тіркелген болса;</p> <p>13.5. КҚ иеленуге, пайдалануға (прокат, жалдау, өтеусіз пайдалану шарты және т.б.) берілген болса;</p> <p>13.6. КҚ-ның орташа айлық жүрісі 2000 км-ден асатын болса.</p> <p>14. Сақтандыру жағдайы орын алған күнге осы Бөлімнің 13-тармағында көрсетілген шарттар анықталған жағдайда, Сақтандырушы есептелген сақтандыру төлемінен сақтандыру сомасының 5 % мөлшерінде қосымша сыйлықақыны және Полистің қолданылу мерзімі ішінде орын алған кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасының 10 % мөлшерінде франшизаны ұстап қалады.</p> <p>15. Сақтандыру талаптары:</p> <p>Осы Бағдарламаның № 1 қосымшасына сәйкес Сақтанушы таңдаған сақтандыру нұсқасымен анықталады.</p>
<p>Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері:</p>	<p>1. Сақтандыру полисі бойынша мына жағдайлар сақтандыру жағдайы деп саналмайды және өтелмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ КҚ-ның тауарлық түрін жоғалтуы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның және/немесе жолаушының сақтандыру жағдайы кезінде КҚ-да болған мүлкіне келтірілген залал; ✓ КҚ-ның табиғи тозуы және коррозиясы; ✓ пайдалану барысындағы механикалық/электртехникалық ақаулар және (немесе) сынулар; ✓ тенттің немесе КҚ жабынының жоғалуы немесе зақымдануы (зауыттық ЛБЖ/әйнектердің үстіне жапсырылған, шанақтағы және әйнектегі/оптикадағы қорғаныш жабындар мен үлдірлер); ✓ қоршалған және (немесе) арнайы белгілермен (таңбалармен) белгіленген аумақтан (құрылыс алаңдары, сел қаупі бар учаскелер және т.б.) тыс жерге кіруге немесе тұраққа қоюға тыйым салу туралы ескертуді бұзу кезінде келтірілген залал, КҚ ескертілген қауіптер нәтижесінде зақымданған жағдайда; ✓ кез келген бұзылулар, техникалық ақаулар немесе зауыттық ақаулар салдарынан болған сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайлары нәтижесінде КҚ-ға келтірілген залалдар; ✓ КҚ-ға өндіруші зауытта көзделмеген немесе Арнайы ТҚКС мамандарын жұмылдырмай қосымша жабдықты өздігінен орнату нәтижесінде болған өрт салдарынан келтірілген залал; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының КҚ-ға келтірілген залалдың құнын анықтауға жұмсалған шығындары. <p>2. Егер сақтандыру жағдайы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның техникалық жай-күйі мен жабдығы КҚ-ны пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен талаптар тізбесіне енгізілген техникалық ақауы бар КҚ-ны пайдаланған кезінде; ✓ КҚ-ны жарамды жүргізуші куәлігі, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жоқ тұлғаның басқаруы; ✓ КҚ-ны алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйдегі тұлғаның басқаруы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның КҚ-да тасымалдауға тыйым салынған қауіпті заттар мен заттарды тасымалдауы; ✓ КҚ-да орналасқан мүліктің сақтандыру оқиғасы кезінде немесе сақтандыру оқиғасынан кейін бірден жоғалуы немесе ұрлануы; ✓ КҚ жымқырудан бөлек стандартты керек-жарақтарды жымқыру (жоғалту), нақты айтқанда: дөңгелек қақпағын, фирмалық белгілерді, эмблемаларды, әйнек тазартқыштарды, антенналарды, қосымша орнатылған жарық жабдығын; ✓ КҚ дискілері мен шиналарының зақымдалуы, бұл кезде КҚ-ның аспасы немесе шанақ бөлігі зақымдалмаған жағдайларды қоспағанда; ✓ егер олар өндіруші зауыт анықтаған оның жинақтамасына кірмесе немесе КҚ-ны сатып алу кезінде Дилерлік орталықтан сатып алынбаса және орнатылмаса, КҚ-ға орнатылған қосымша жабдықтар мен керек-жарақтарды жымқыру (жоғалту) немесе зақымдау; ✓ КҚ-ны ішінде қалдырылған кілттермен (бірге немесе бөлек) және (немесе) сигнал жүйесін басқару пультімен және/немесе КҚ-ны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікпен бірге жымқыру және айдап әкету; ✓ КҚ-ны жарыстарда, бәс тігуде, спорттық іс-шараларда жаттығу, сынақ жүргізу, жалға беру, лизингке беру немесе жалға алу мақсатында пайдалану кезеңінде болған оқиғалар. <p>3. Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушының мына әрекеттері негіз бола алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыға сақтандыру полисін жасасу кезінде КҚ туралы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы хабарламауы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде оның техникалық жай-күйін тексеру үшін КҚ-ны беру туралы Сақтандырушының талаптарын орындамауы, сондай-ақ Сақтандырушыға бүлінген КҚ-ға (жөндеуге дейін және/немесе жөндеуден кейін) немесе оның қалдықтарына, не болмаса олар толығымен жойылуы мүмкін болған жағдайларды қоспағанда, зақымдалған бөліктеріне, бөлшектері мен керек-жарақтарына, қосымша жабдыққа немесе олардың қалдықтарына қол жеткізуді қамтамасыз етпеуі; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру оқиғасы болған жерден қашып кетсе; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның нәтижесімен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаса немесе көрінеу жалған дәлелдемелерді ұсынса, сақтандыру полисінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы; ✓ Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді жасай алмаған және оны құжаттармен растаған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде хабардар етпеуі; ✓ заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының қасақана қылмыс немесе әкімшілік бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері; ✓ осы Бағдарлама бойынша сақтандыру полисінің талаптарын бұзу; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайына кінәлі тұлға немесе сақтандыру шарты жасалған Сақтандырушы жүзеге асырған болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы; ✓ Сақтандыру қағидаларында қарастырылған жағдайлар. <p>4. Сақтандыру полисімен мыналар өтелмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ сақтандыру жағдайынан туындауы мүмкін жанама және өзге шығыстар (пайдалану мүмкіндігінен айырылу, айыппұл, өсімпұл, жалға алынған автокөлік құралын пайдалану, жөндеу кезінде қонақүйде тұру, іссапар шығыстары, алынбаған пайда, кірістен айырылу, бос тұрып қалу, кепілдік мерзімінің өтіп кетуіне байланысты материалдық залалдар, автокөлік құралының тауарлық түрін жоғалту сомасы); ✓ моральдық залалды өтеу туралы талаптар.
<p>Қосымша талаптар:</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бағдарламада, егер залал 500 000 теңгеден аспаса, жол полициясы органдарының құжаттарын ұсынбай-ақ, алдыңғы әйнектің зақымдануын сақтандыру көзделуі мүмкін. 2. Сақтанушы Сақтандыру бағдарламасының қосымша қызметтер көрсетуді (жолда техникалық көмек көрсету қызметтері, көлік құралын эвакуациялау, алмастыру автокөлігін ұсыну, салонды тазалау, сақтандыру сыйлықақысын несиеге төлеу және өзге де қызметтер) көздейтін шарттарын таңдауға құқылы. 3. Егер Сақтанушы қосымша қызметтері бар шарттарды таңдаса, онда мұндай қызметтердің құны сақтандыру сыйлықақысына қосылады. Бұл ретте сақтандыру тарифі сақтандыру сыйлықақысының ұлғаюына пропорционалды түрде тиісінше өзгеруге тиіс. 4. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібінде бөліп төлеу көзделген жағдайда, Сақтанушы төлейтін бірінші жарна төлемдер кестесіне сәйкес сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін және көрсетілетін қызметтердің толық құнын қамтиды. 5. Сақтанушы таңдаған қосымша қызметтердің тізбесі мен шарттары Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті Сертификатта көрсетіледі. 6. Сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, қосымша қызметтердің құны қайтарылмайды. Сақтандыру сыйлықақысын қайтаруды есептеу базалық сақтандыру сыйлықақысының сомасынан жүргізіледі. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтанушы төлеген қосымша қызметтерді Сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін пайдалануға құқылы. 7. Полисті мерзімінен бұрын тоқтату Сақтанушының бастамасымен Сақтанушының өтініші негізінде жүзеге асырылады, ол өтініш Сақтандырушының кеңсесінде немесе www.basel.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы рәсімделеді. 8. Сақтандыру полисін бұзу туралы өтінішпен Сақтанушының өкілі жүгінген жағдайда, Өкіл Сақтандырушының кеңсесіне жеке өзі келіп, келесі құжаттарды ұсынуға міндетті: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының атынан Сақтандыру полисін бұзу құқығы өкілге тікелей берілгенін көрсететін нотариалды куәландырылған сенімхат; ✓ Өкілдің жеке басын куәландыратын құжат. <p>Аталған құжаттар болмаған жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру полисін бұзудан бас тартуға құқылы.</p> 9. Сақтанушыға қайтарылуы тиіс сыйлықақының бөлігі Сақтандырушыға Полисті бұзу туралы өтініш берген күннен кейінгі күннен бастап есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысын қайтару Полисті бұзу себебін растайтын барлық қажетті құжаттарды бергеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. 10. Полис жасалғаннан кейін 14 күн ішінде жеке тұлға-Сақтанушының бастамасы бойынша бұзылатын жағдайда, Сақтандырушыға Полисті мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берген күннен бастап

сақтандыру сыйлықақысы сомасының 10 %-ын шегеріп, сақтандырудың мерзімі аяқталмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін жеке тұлға-Сақтанушыға қайтарады.

11. Полис Сақтанушының бастамасымен (6-тармақтан басқа жағдайда) бұзылған кезде, Сақтандырушы сақтандыру мерзімінің өтпеген бөлігі үшін сақтандыру сыйлықақысының 50%-ын алып тастап, қалған бөлігін мына формула бойынша қайтарады:

$ССБ = (СС - (СС * n/N)) - 50\%$, мұндағы:

ССБ - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

СС - сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);

n - сақтандыру шартының күшіне енген күнінен бастап жүгінген күнді қоса алғанда мерзімінен бұрын тоқтатылған күнге дейінгі мерзім (күнмен);

N - сақтандыру шартының жасалған мерзімі (күнмен)

50% - Сақтандырушының әкімшілік шығындарын алып тастау.

12. Егер жеке тұлға-Сақтанушының бастамасы бойынша қарыз шарты бойынша Қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерді жеке тұлға-Сақтанушының орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Полис бұзылған жағдайда, Сақтандырушы алынған сақтандыру сыйлықақысын жеке тұлға-Сақтанушыға Полис қолданылған уақытқа және Полисті бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының 10%-нан аспайтын шығындарға тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігін шегере отырып қайтарады.

13. Егер Сақтандырушы Сақтанушыға Полис бойынша қандай да бір сақтандыру төлемін жасаған болса немесе Шарт бойынша мәлімделген залал бар болса, онда бұл жағдайда сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушыға қайтарылмайды.

14. Сақтандырушы 6 ай өткеннен кейін сақтандыру тарифін 10%-ға ұлғайту жағына қарай қайта қарауға құқылы. Егер залалдылық табылған таза сыйлықақының 70%-нан асып кетсе, онда Тараптар сақтандыру полисінің талаптарын толығымен қайта қарауға келіседі. Талап тариф өзгертілген күннен кейін жаңадан жасалатын сақтандыру шарттарына қолданылады.